

«Антарктидадағы жаңа жыл мерекесі»

М.С.Сарманбетова №81 «Әсемгүл» балабақшасының тәрбиешісі

Астана қаласы

(зал іші мерекеге сай безендірілген, ортада әдемі шырша тұр)

Балалар әдемі әуен ырғағымен билеп залға кіреді

Батырхан

Тізбек шамдай жұлдыздар,
Көкке мойын бұрғызар.
Әшекейлеп әйнекті.
Өрнек салды түнгі ызғар.
Бүгін бәрі өзгерек,
Жарқын күлкі сөз бөлек
Тілек айтып күттік біз.
«Кел жаңа жыл, төрле деп!»

Тәрбиеші: Жаңа жыл құтты болсын! Құтты, берекелі, тыныш жыл болсын!

Антарктидағы мерекемізді ағылшын тілінде «Ұлпа қарлар» әнімен бастайық

Ән: Ұлпа қарлар

Такпақтар: (Қыс туралы)

Темірлан

Қонақтайды бақтарға
Ақ көбелек, ақ мамық
Аунап таза ақ қарға,
Балалар жүр мақтаны
Тазарып бар шаңнан,
Қыс өнерін бастады
Терезеге қыраудан,
Сурет салып тастады.

Жанель

Уа халайық, жараңдар,
Айналаға қараңдар.
Қызық көріп шат болып,
Шалқып күліп, тараңдар.
Уа халайық, құрметті,
Көмейіме жыр кеп тұр.
Антарктида жерінде,
Өткізейік жаңа жылдық мереке.

Бейбарыс

Ертеңгісін байқадым,
Жердің беті ақ қырау.
Дәл, маржан деп айтамын,
Төгілуге шақ тұр-ау.
Өзеніме, көліме,
Әсем ою-ойыпты.
Ағаштардың бәріне,
Алқа тағып қойыпты.

Гүлниса

Ағаштардың жапырағын,
Ашулы жел тонайды.
Ақ жамылған атырабым,
Қар борайды, борайды.
Асыл қария ақ самайлы,
Алды-артымды орайды.
Жауа-жауа, қар жауып көп,
Шұңқырларға толады

Ақ аю кіреді:

Менің өлкем қандай тамаша! Қаһарлы қысы қандай десе! Қаһарлы қысы қандай десеңші!
Балалар сәлеметсіңдер ме? Менің өлкеме қош келдіңдер!
Қане бәріміз жаңа жылдық мерекемізді жақсылап тойлайық.

Қоңыр аю кіреді:

Мен тура келдім бе, Антарктида жері осы жер сияқты? Мына жер суық екен.

Ақ аю: Сен менің аймағымда не істеп жүрсің? Сен жылы жақта орманда өмір сүресің ғой. Қане шық, мерекеміздің шырқын бұзасың.

Қоңыр аю: Мен сенің бауырың боламын. Мен Антарктидадағы жаңа жыл мерекесінің қалай өтетінін көргім келді. Содан сен, есіме түстің. Мен сені бауырым деп келдім. Мен

мұнда қалып қоймаймын. Әрине әркімнің туған жері өзіне ыстық. Мен тек қонақ боламын.

Ақ аю: Қоңыр аю қатты айтсам мені кешір, кел екеуіміз дос болайық. Біздің достарымызбен би билейік

Би: « Аюлар»

Ойын: « Балық пен бал жинау»

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы, шыршамыз көңілсіз болып тұр. Мүмкін шыршаға арнаған әнімізді айтсақ, шамдарын жарқыратар.

Ән: Шырша

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы, шыршамыз әліде көңілсіз болып тұр. Мүмкін шыршаға арнаған тақпақтарымызды айтсақ, шамдарын жарқыратар.

Тақпақтар: (Шырша туралы)

Аманкелді

Әшекейлі шырша бүгін,
Ойыншықтар іліп жүрмін.
Аяз ата мақтанады,
Бізге арнап бар сыйлығын.
Жаңа жылды қарсы аламыз,
Бірге жүріп ән саламыз.
От шашулар атылады,
Қызығамыз тамсанамыз.

Дарын

Қанша заман өткенімен,
Ескірмейсің асыл шырша.
Алатаудың көктемімен,
Доссың ғой сен асыл шырша.
Өзгермейсің қыс келсе де,
Бояуыңды оңдырмайсың.
Аяз шымшып тістесе де,
Жапырағыңды тондырмайсың ,

Жүргізуші: Балалар шыршаға тақпағымызды айтсақ та, әнімізді де айттық шамдары жанбады , енді кімнен көмек сұраймыз?

Тауық кіреді:

Қыт,қыт,қыт сәлеметсіңдер ме балалар? Мен тауықпын. Менің жылымда тыныш, жақсы жыл болады деп уәде беремін.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе тауық? Келгенің қандай жақсы болды. Біздің шыршамыз көңілсіз болып тұр. Бізге шыршаның шамдарын жағып бере аласың ба?

Тауық: Әрине мен көмегімді аямаймын. Менің үлкен сиқырлы жұмыртқам бар. Ақалай, мақалай шыршаның шамдары жарқыра.

Шыршаның шамдары жанады.

Би: «Тауықтар»

Тақпақтар: (Жаңа жыл туралы)

Сулейман

Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді.
Құтты болсын қуаныш,
Құттықтаймыз сіздерді.
Қол ұстасып, құшақтасып,
Үйренейік жаңа жыл.
Құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл!

М. Амир

Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жыл да келеді,
Бізге қарай жылыстап
Өлең де әзір, ән де әзір
Ойын да әзір, бәрі әзір
Кел жаңа жыл, біздерге,
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Ән: Жаңа жыл

Тауық шығып кетеді

Жүргізуші: Мына жерді қараңдаршы, Аяз ата бізге үлкен сыйлық дайындап қойған сияқты. Қане мен ашып көрейін.

(Теледидар қосылады)

Әдемі қыз: Анашым, Антарктидада шырша өседі ме?

Анасы: Жоқ, қызым Антарктидада шырша болмайды.

Әдемі қыз: Әкем Антарктидада жаңа жыл мерекесін шыршасыз қалай өткізеді? Әкеме қалай шыршаны жеткізсем екен?

Аяз ата келеді: Сәлеметсің бе менің кішкентай ботақаным? Қандай тілегің бар орындауға әзірмін.

Әдемі қыз: Аяз ата, менің әкем Антарктидада жұмыс істейді. Антарктидада шырша болмайды екен. Мен әкеме жаңа жыл мерекесіне шырша апарып берсем деп едім, бірақ ол жаққа қалай жетерімді білмей тұрмын

Аяз ата: Мені де Антарктида тұрғындары шақырып еді. Сен менің сиқырлы таяғыммен жетіп ал, мен бір амалын тауып жетермін.

Әдемі қыз: Аяз ата сізге көп-көп рахмет!

Аяз ата: Мүмкін Антарктидада кездесіп қалармыз.

Теледидар сөніп қалады

Нанайцтар ортаға шығады. Әдемі қызды кезіктіреді.

Нанайцтар: Біз осы елдің тұрғындарымыз. Біз жаңа жыл мерекесін тойлап жатырмыз. Мына жер суық, біз сияқты жылы киініп ал. Міне саған жылы киім.

Әдемі қыз: Аяз атаның сиқырлы таяғы Антарктидадан бірақ әкелді ғой. Мен жаңа жыл мерекесіне әкеме шырша алып келемін, маған жол көрсетіп жіберіңдерші.

Нанайцтар: Бізбен бірге көңіл көтер. Кел, бәріміз би билейік.

Әдемі қыз: Билесек билейік.

Би: Нанайцтар

Ойын: Қарды мұздан өтіп жинау.

Жүргізуші: Әдемі қыз, сен көңіл-күйінді түсірме. Біздің мерекеге көп қонақтар келеді. Мүмкін солардан көмек сұрармыз. Кел, төрлет.

Би: Пингвиндер.

Жүргізуші: Пингвиндер, мына Әдемі қыздың әкесі Антарктидада жұмыс істейді екен. Сендер Дастан ағайды танысыңдар ма?

Пингвин: Ия, ия, Дастан ағайды танимыз. Достарым қарандаршы, Дастан ағайдың қызы өзіне қатты ұқсайды екен.

Пингвиндер: Ия, ия. Қатты ұқсайды екен.

Жүргізуші: Әкесіне баруға жол көрсетесіңдер ме?

Пингвиндер: Жарайды, Әдемі қыздың тілегін орындаймыз.

Әдемі қыз: Алақай, алақай мен әкеме баратын болдым. Әкем шыршаны көріп қуанатын болды. Аяз атаға рахмет. Сендерге өтініш, Аяз атаны көрсендер мына сиқырлы таяғын бере салыңдаршы. Сау болыңдар.

Жүргізуші: Олай болса Аяз атаны шақырайық. Бізге беретін сыйлығы бар шығар.

Аяз ата кіріп келеді.

Жүргізуші: Аяз ата, сіз Әдемі қызды жолда кезіктірдіңіз бе? Әдемі қыз сізге сиқырлы таяғыңызды тастап кетті. Аяз атаға бере салуымызды өтінді. Міне сиқырла таяғыңыз. Көп, көп рахмет айтты.

Такпақтар: (Аяз ата туралы)

Балжан

Сақалы аппақ күмістей,
Тістері аппақ күріштей.
Қызыл-ала шапаны,
Сағындым аяз атаны.
Орала ма ол енді,
Айтар едім өлеңді.
Жылдамырақ келсе екен,
Бізге сыйлық берсе екен.

Айдана

Темірәлі

Сақалы мен мұртына,
Күміс моншақ тағынып.
Аяз ата келеді,
Балаларды сағынып.
Ал балалар тұрмайық,
Би билейік ойнайық.
Аяз ата қуансын,
Дөңгеленіп жырлайық.

Жаңа жылда барлық үйге,
Аяз ата келеді.
Жаңа жылда балаларға,
Сыйлық әкеп береді
Кел, келе бер, кел, келе бер,
Аяз ата келіңіз.

Төрле, төрле жаңа жыл,
Құтты болсын қадамың.

Аяз атамен ойын: Мұзды ерітпей жылдам Аяз атаға беру.

Жүргізуші: Аяз ата біздің балалар ән , тақпақ айтты, би-биледі. Бізге дайындаған сыйлығыңыз бар шығар.

Аяз ата: Балалар мына қаптың ішіндегі сыйлықтың бәрі сендерге, мен апайларыңа тапсырамын, апайларын топта береді. Ал сендер армандаған сыйлықтарыңды үйлеріңдегі шыршаның жанына қойып кетемін.

Ән: «Жаңа жылым»

Жүргізуші: Ал енді Антарктидадағы жаңа жылдық мерекеміз аяқталып келеді.

Жаңа жылдың шырақтары тұр жанып, Бара жатыр қараңғы түн нұрланып.

Шырқай берсе таусылама әніміз,

Деп таралық Антарктидадан елімізге қуанып.

Жаңа жыл құтты болсын.

Қош сау бол болыңыздар!!!